"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
KSN 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14 здание
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

№09-15/2357
03.05.2018 жыл

«Stanco engineering»
ЖШС – нің директоры
Т.Н.Турдалиевке
160006, ҚР Шымкент қ., Жандосов
көшесі №73, «СодБи» БО
БИН 141 140 009 621
Тел.: 8 7252 39 06 06, 8 777 364 30 80
info@stanco.kz

Сіздің 18.04.2018 жылғы
№014/04 санды өтінішіңізге:

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)*, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселелерге сәйкес төмендегіні мәлімдейді.

«Шымкент қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық бөлімі» мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған №2190584-2 «Шымкент қаласының көшелері бойындағы жаяу жүргіншілер аяқжолын күтіп-ұстау жұмыстары» ашық конкурсының 11.02.2018 жылғы №1918181 алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес, Сіздің конкурстық өтініміңіз біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай болмағандықтан конкурстық комиссия тарапынан конкурсқа қатысуға рұқсат берілмеген.

Камералдық бақылау барысында Сіздің конкурстық өтініміңіз конкурстық құжаттама талаптарына толығымен сәйкес келтірілгені анықталды.

Алайда, конкурстың 17.04.2018 жылғы №2151261 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, Сіздің конкурстық өтініміңіз конкурстық құжаттама талаптарына толығымен сәйкес келтірілсе де, *«Установления факта несоответствия квалификационным требованиям на основании информации, содержащейся в документах, предоставленных потенциальным поставщиком для подтверждения его соответствия квалификационным требованиям: - отсутствуют машины и автотранспортных средств согласно перечня основных видов строительных машин и автотранспортных средств / Автопогрузчик вилочный с грузоподъемностью не менее 5 тонн – 1 ед. /не представлены квалификационные документы соисполнителя согласно договора №3 от 06.02.2018 г./»* - деген негізсіз себептермен конкурсқа қатысудан шеттетіліп, конкурстық комиссия тарапынан Заңның 27 бабы 6 тармағының, Қағиданың 150 тармағы 1 тармақшасының талаптары бұзылған.

Себебі, Сіздің тарапыңыздан, конкурстық құжаттама бойынша талап етілген барлық еңбек және материалдық ресурстардың толығымен растаушы құжаттары ұсынылған *(техникаларды жалға алу шарты, техникалық паспорт, жеке куәлік, біліктілік куәлігі т.б.)*.

Атап айтқанда: жүк көтергіштігі 5 тоннадан кем емес Автоманипулятор – 2 дана, жүк көтергіштігі 5 тоннадан кем емес Автопогрузчик (вилочный) – 2 дана, жүк көтергіштігі 8 тоннадан кем емес Бортты автокөлік – 2 дана, 5 разрядты тротуар плиталарын төсеуші 15 адам, көтергіш қондырғыларының операторы – адам, жұмыскерлер – 20 адам.

Жоғарыдағылардың негізінде, Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселелер толығымен өз дәлелін тапты.

Дегенмен, әлеуетті өнім беруші «Stanco engineering» ЖШС – нің конкурсқа қатысудан негізсіз шеттетілуі конкурстың қорытындысына әсер етпейді.

Себебі, «Stanco engineering» ЖШС – нің шартты жеңілдікті есептегендегі бағасы конкурсқа қатысудан негізсіз шеттетілген бірқатар әлеуетті өнім берушілердің шартты бағаларынан жоғары.

ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орын.: А.Садыкбеков
Тел.: 8 7252 35-06-06

Келісілген: А.Муратов